

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**  
**№6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

24.02.2023 ж.

**Қатысқандар:**

1. ФСҚЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Қошанова Гүлназира
2. Хатшы – Ғ.А.Шукенова

**Комиссия мүшелері:**

1. Қошанова Г.Д – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

**Комиссия мүшелері:**

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6В07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

**Қатыспағандар: -****КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. Факультет құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кен жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау.
3. Факультет құрамындағы кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.

**Тыңдалды: Қошанова Г:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау туралы сөз қозғады.

Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 Бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 наурызда № 8369 тіркелді. Осыған сәйкес мәліметтер толтыру жұмыстары қолға алынсын, атап айтсақ: білімгерлер контингенті, пән оқытушыларының сандық және сапалық құрамы, оқытушылардың біліктілігін арттыру, тәрбие жұмыстары, материалдық-техникалық жабдықталуы, жатақханалармен қамтылуы, бітірушілердің жұмысқа орналасуы, білімгерлердің академиялық мобильділігі, ақпараттандыру туралы мәліметтер қамтылуы тиіс екендігін айтып өтті.

**Шешім:** ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуі кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**Тыңдалды: Жунисов Н.М** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді

басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуі туралы.

Университетте және факультетте барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттер мен оқытушыларды ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі орнатылған (мысалы, Web-сайт негізінде), студенттерге, ОПК мен қызметкерлерге ыңғайлы жерлерде Интернетке қол жеткізуге студенттерді қолдау үшін Wi-Fi нүктелері бар.

ЖОО-да компьютерлік және интерактивті техника паркі дамыған-компьютерлер 600 Мбит/с жылдамдықпен Интернетке қолжетімділікпен жергілікті желіге біріктірілген, университеттің барлық оқу корпусарында Wi-Fi тегін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген. Университеттің корпоративтік желісі кабельдік және сымсыз технологияларды қолдану арқылы құрылған. Кабельдік желі 1 ГБ басқару шиыршықтарын, 802.11 b/g/n/ac стандартты TP-Link және UBIQUITI NETWORKS өндірісінің қол жетімді нүктесін пайдаланады. Университетте жедел сипаттағы 600 Мбит/с (Қазақтелеком) және 600 Мбит/с (Транстелеком) Интернет желісіне қол жеткізу үшін екі синхронды кең жолақты арна орнатылған. Интернет жылдамдығы жыл сайын өсіп келеді.

Университетте жеке желілік ресурстар бар:

1) ЖОО және оның қызметі туралы ақпарат алу үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сайты [www.ayu.edu.kz](http://www.ayu.edu.kz) құрылды;

2) <http://lib.ayu.edu.kz/kz/home/> - Электронды кітапхана сайты кітапхана жұмысы, кітап қоры мен сандық баспа басылымдарына қолжетімділік туралы ақпарат береді;

3) <http://platonus.ayu.edu.kz/> - "Platonus" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің сайты университеттің білім беру үдерісін басқару үшін қызмет етеді.

Барлық оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда еркін сымсыз Wi Fi желісі, білім алушылар мен қызметкерлер үшін университеттің желілік ресурстарына қолжетімділік жасалған.

**Шешім:** Факультетте Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Қошанова Г: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: Жалпы факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттың орналастырылуы керек және олардың мерзімді жаңартылуын да қадағалау. Осы мақсатта университет сайтындағы кафедра және факультет тынысы туралы мәліметтер тексеріліп, кейбір мәліметтердің жаңартылуы керек екендігі жайлы кафедрларға айтылып өтті.

**Шешім:** Факультет құрамындағы кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттардың жаңартылуы қолға алынсын.

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г күн тәртібіндегі Төртінші мәселе бойынша сөз алып, қаңтар айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:**

1. ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуі кафедрадағы жұмыс топтарына жүктелсін.
2. Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуі қанағаттанарлық деп танылды.
3. Факультеттерге қарасты кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттың жаңартылуы кафедра меңгерушілеріне жүктелді.

Мәжіліс төрайымы:

*Қошанова*

Г. Қошанова

Мәжіліс хатшысы:

*Шукенова*

Ғ.Шукенова